

КӨПКЕ ҮМТЫЛҒАН ЖАЛҒЫЗ. ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯҒА КІРІСПЕ

Ұнату, жақсы көру және
тұлғааралық сезім. 2-бөлім

6-тарау. Ұнату, жақсы көру және тұлғааралық сезім.
Әлеуметтік психология ғылымы



Тіпті, балабақша балалары да құрбыларының тартымдылығына назар аударады екен. Карен Дион мен Еллен Бершайд балабақшадағы балалар арасында тартымдылыққа байланысты тәжірибе жүргізген. Сосын, балалардың қайсысы кімді жақсы көретініне назар аударған. Нәтижесінде тартымдылықтың әсіресе ұл балалар үшін аса маңызды екенін анықтаған; келбетті ұлдарды көріксіз ұлдарға қарағанда көбірек жақсы көреді екен. Сонымен қатар, көріксіз ұлдар тартымды ұлдарға қарағанда ашушаң келеді, тіпті балалардан кімдерден «қорқатынын» сұрағанда, олар көбіне көріксіз балаларды атапты.

Адамдардың көрікті баланың тентектігіне кешіріммен қарайтыны дәлелденген. Бұл Карен Дионның мына экспериментінде байқалған. Мұғалімнің сыныптағы тәртіп бұзушы балалар туралы баяндамаларын Дион бірнеше әйелге оқытқан. Әр баяндамаға тәртіп бұзған баланың суреті жапсырылған. Біреулеріне – көрікті оқушының, енді біреулеріне көріксіз оқушының суреті жапсырылған. Әйелдер көріксіз оқушыны көбірек кінәлап, мұндай тентектіктік – бұлардың күн сайынғы әдетіне айналған деп жорамал жасаған. Ал көрікті балаларға кешіріммен қарауға бейім болған. Әйелдердің бірі: «Бұл – тәртіпті оқушы, тек бүгін ғана тәртіпсіздік жасаған шығар. Тентектігіне... көңіл аудармай-ақ қояйық» деген. Ал дәл сондай тентектікті көріксіз оқушы жасаған кезде сол әйел: «Бұл тым бетімен кеткен оқушы сияқты, мұғалім де әбден шаршатқан шығар. Құрбыларымен төбелесуге дайын тұратын тентек баланың түрі» деген сияқты пікір білдірген. Осылайша, біз көрікті балаларға жеңілдік жасауға бейімбіз. Олардың тентектігін жуып-шаюға тырысамыз, басқа біреулердің айтқанына еріп тентектік жасады немесе солай етуге амалсыздан мәжбүр болды деп сылап-сипауға бейімбіз. Ал көріксіз балалар бұлай оп-оңай құтылып кете алмайды; олардың тентектігін туа бітті қасиеті деп ұғамыз. Мұндай баланың жағымсыз қасиеттерін көрсек, «бұл бала әуелден-ақ осындай ұрыншақ» деуге бейім тұрамыз.

Сырт келбеттің тартымдылығы ересектер мен балалар арасындағы сияқты, жасөспірім кезде де үлкен рөл атқаратынына ешкім таңғала қоймас. Мысалы, Ричард Лернер мен әріптестері байқағандай, б-сынып оқушылары оқу жылы ішінде келбетті сыныптастарын көріксіз сыныптастарына қарағанда, жоғарырақ бағалаған. Тіпті, мұғалімдер де солай бағалапты. Брюс Хансбергер мен Бренда Каванаг байқағандай, студенттер де мұғалімнің тартымдылығына назар аударып; сымбатты мұғалімді көріксіз мұғалімге қарағанда жақсырақ, көңілдірек, мейірімдірек, қызықтырақ деп есептеп, жоғары бағалаған.

Сұлулықтың екі қыры бар. Автордың Гарольд Сигаллмен жүргізген экспериментінде әйелдер екі түрлі бейнеде: бірінші жағдайда сырт келбеті тартымды, ал екінші жағдайда сырт келбеті тартымсыз болып көрінуі тиіс болды. Көріксіз әйел бейнесін сомдау үшін сұлу әйелге жараспайтын кең киім, денесінің түсіне сай келмейтін бұйра ақ шашты парик кигізіп, денесінің түсін де өзгерттік. Бұдан кейін ол клиникалық психологияның соңғы курс студентімін деп танысып, колледждегі бірнеше адамнан сұхбат алды. Сұхбаттың соңында студенттердің әрқайсысына баға берді. Студенттердің біразын жоғары бағалады, ал біразына нашар баға қойды. Байқағанымыз, баға беруші адам тартымсыз болса, ер адамдар бағаның жақсы-жаман екеніне мән бермеген; екі жағдайда да баға беруші әйел оларға орташа деңгейде ұнаған. Ал сұлу бейнеде шыққанда, жақсы баға алғандарға қатты ұнаған, ал төмен бағаланғандар тіпті оны жек көріп кетті десек те болады.

Бір қызығы, сұлу әйелден нашар баға алған ер адамдар ол әйелді ұнатпадық десе де, келесі тәжірибесіне қатысуға қуана келіскен. Сұлу әйелден нашар баға алған ерлердің төмен баға алғанына намыстанғаны сондай, келесі тәжірибеде сұлу әйелдің пікірін өзгертуге барын салған.

Келесі бір экспериментте Герольд Сигалл мен Ненси Остров «егер әйел бетінің ажарын теріс мақсатта пайдаланып отыр деп сезіктенбесе, еркек көрікті әйелді таңдайтынын» дәлелдеген. Экспериментте колледж студенттері қылмыскердің кінәсі мойнына қойылып дәлелденген бірнеше қылмыстық істі оқып шығады. Кейін әр қатысушы қылмыскерге өз үкімін шығарған. Нәтижесінде бет ажары сұлу айыпталушыға ұрлық жасаған қылмысы үшін тағайындалған жаза жұмсағырақ болған. Ал бет ажары әдемі айыпталушының өз көркін пайда табу мақсатында жұмсаған қылмысы үшін берілген жаза әлдеқайда қаталырақ болған.

Енді бір секундқа үзіліс жасап, терең тыныс алайық.

Сигалл – Островтың тәжірибесі өте маңызды, өйткені ол адамның тартымдылығы біздің қабылдайтын шешімімізге де ықпал ететінін көрсетіп отыр. Бұл көрсеткіштің құқықтық жүйемізге



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе

Тарау: 6. Ұнату, жақсы көру және тұлғааралық сезім. Әлеуметтік психология ғылымы

Дәріс: 22. Ұнату, жақсы көру және тұлғааралық сезім, 2-бөлім

әсері қандай екен? Сигалл мен Остров кәсіби заңгерлерге жүгінген жоқ қой; тәжірибеге қатысушылар колледж студенттері еді. Осы тәжірибеге сүйеніп, біздің құқықтық жүйемізде үкім шығару барысына сырт келбет тартымдылығының ықпалы зор деген қорытынды шығара аламыз ба? Нәтижесі қызық және көңілге қонымды. Соттар ұсақ құқық бұзушылық ісін қарау барысында тартымды ерлер мен сұлу әйелдерге көріксіз ерлер мен әйелдерге қарағанда, төменірек айыппұл мен аз мөлшерде кепіл сомаларын төлету туралы шешім шығарған. Ал қылмыстық істерді қарау барысында сырт келбеттің тартымдылығы еш ықпал ете алмаған. Ұсақ құқық бұзушылығы жағдайында тіпті білікті соттардың өздері сұлулықтың ықпалына ұшырайды. Ал ауыр қылмыс кезінде соттар мұндай ықпалға түспей, парасаттылық танытқан.

Аталмыш зерттеулердің нәтижелері сұлулықтың мәні біз ойлағаннан гөрі тереңірек екенін көрсетеді. Біз сұлуларға құштармыз, оларды көріксіз адамдарға қарағанда көбірек ұнатып, көбірек марапаттауға бейімбіз. Әрине, олардың арбауына түсіп қалғымыз келмейді. Адамды тартымды және тартымсыз деп бағалаған сәттен бастап, біз сол адамның бойындағы қасиеттерге басқаша көзбен қарай бастайды екенбіз, мысалы, тартымды адам, тартымсыз адамға қарағанда, жарқын жүзді, кісіні өзіне еліктірерліктей сүйкімді әрі әдемі көріне бастайды. Оның үстіне, тәртіпсіздік және бұзақылық жасаған кезде сұлу адамдарды ақтап алуға бейім тұрады екенбіз. Көріксіз адамдарға қарағанда әдемі адаммен жылырақ сөйлесеміз. Адамдарды көрікті және көріксіз деп бөліп, олармен әр түрлі қарым-қатынас жасау – біздің бойымызда ерте бастан қалыптасқан әдет.

Ұқсастық пен тартымдылық

Линн сауық кешінде Сьюзаннамен танысты. Енді ғана танысса да, Джордж Буш, Джордж Клуни, Джордж Элиот, ағылшын королі Георг III туралы көзқарастары бір жерден шығып жатты. Линн жатақханасына келгенде бөлмелес көршісіне ақылды, білімді қызбен танысқанын айтты. Дон Берн мен әріптестерінің қатаң бақылау негізінде жүргізген ондаған тәжірибесінің нәтижесі мынадай ой қорытындысына әкеледі: сіздің бір адам жайлы бар білетініңіз – оның белгілі бір мәселеге көзқарасының сіздің көзқарасыңызға ұқсас екені ғана болса, сіз ол адамды ұнатуға бейім тұрасыз.

Көзқарас бірлігі және ұнату сезімі. Екеуінің бір-біріне қандай қатысы бар? Бұл ретте екі нәрсеге назар аудару керек сияқты. Біріншіден, бізге өз көзқарасымызбен, пікірімізбен келісетін адамдар өте ақылды, терең ойлы болып көрінеді. Ал ақылды, ойшыл адаммен әңгімелесу қашан да қызық және пайдалы. Екіншіден, мұндай жағдайда біз өз көзқарасымыздың әлеумет үшін маңызды екеніне сене бастаймыз. Бұл да марапаттың бір түрі; яғни бізге өзімізбен келісетін адамдар ұнайды.

Оның үстіне, біз, адамдар, көзқарас ұқсастығы мен ұнатуды бір нәрсе деп қабылдап, кей адамды болмашы қылығы үшін жақсы көріп қалып жатамыз. Құстарды сырттай бақылап отыру өзіңізге ұнағаны сияқты оған да ұнайды екен. Соны байқап, сіз оны іш тартып қаласыз. Сонымен, қорыта келгенде, бізге көзқарасы өзіміздікімен сәйкес келетін адамдар ұнайды және ұнатқан адамымызды өзіміздің жақынымыздай көріп, жақсы қарым-қатынас жасаймыз.

Ұнату, ұнау және өзіндік қадір

Көзқарасымыз сәйкес келетін адамды ұнатуымыздың тағы бір себебі бар. Ондай адаммен жақынырақ таныссақ, оның да өзімізді ұнатып қалатынына сенуге бейімбіз. Шындығында, біреуді ұнатуымызға ықпал ететін ең маңызды факторлардың бірі – сол адамның бізді ұнатуы екен.

Біреуге ұнайтыныңызға сенімдісіз делік. Мұндай жағдайда сіз сол адаммен араңызды жақындата түсетін іс-әрекеттерді көбірек жасауыңыз мүмкін. Сонда қалай дейсіз бе? Автор мынадай мысал келтіреді: «Мәселен, біз екеуімізді сауық кешінде ортақ досымыз таныстырды делік. Сол арада аз-маз әңгімелестік. Арада бірнеше күн өткеннен кейін сіз досыңызбен жолығып қалдыңыз. Ол сол кештен кейін менің сізді сыртыңыздан мақтағанымды айтады. Қалай ойлайсыз, келесі кездескенімізде сіз не істер едіңіз? Меніңше, сіз маған ұнағаныңызды білген соң, мені де сырттай ұнатып қаласыз. Енді ортақ досымызға сіз де мен туралы жақсы сөз айтуға тырысасыз. Маған ұнайтыныңызды білмей



тұрғанда, сіз менімен бұлай сөйлеспеуіңіз мүмкін еді. Ал енді ерекше жылы шырай білдіріп, жымия сөйлеп, барынша сыпайылық танытасыз. Сіздің әрекетіңіз маған қалай әсер етер еді? Мен сіздің жылы көзқарасыңызды байқап, ерекше ілтипатыңызды көргеннен соң бұрынғыдан да қаттырақ ұнатып, сізге айрықша ықылас білдіруге тырысар едім».

Бұдан байқағанымыздай, біреуге ұнайтынына сенген адамның жүрегі жылы болады. Одан бөлек, біздің сенімсіздігіміз бен әлсіздігіміз өзімізді ұнататын адамды жақсы көруімізге себеп болады екен. Олар мына қағиданы басшылыққа алған: қысқасы, біздің сүйікті болғымыз келеді, өзіміздің әлсіздігімізді сезінген сайын, өзімізді ұнататын адамды көбірек жақсы көреміз. Аталмыш тәжірибеден көзіміз жеткені – адам өзіне сенімді болған сайын «мұқтаждығы» да азырақ болады; яғни кездейсоқ адамның сөзіне көп илана қоймайды екен.

Беті қайту мен әлеуметтік шеттетілудің кейбір ықпалдары

Психологтар әр нәрседен беті қайтқан адамдардың психологиясын зерттей келіп, адам баласының айналасындағы адамдарға мұқтаж екенін дәлелдейді. Қасымызда жүрген адамдар біз туралы не ойлайды? Бізге деген сезімі қандай? Осы сауалдардың ешқайсысына біз бейтарап қарай алмаймыз. Ал әлеуметтен оқшауланып қалсақ не болар еді? Кімге де болса, ең қиыны – осы. Біз кейде «бет қайтару» деген ұғымды метафоралы түрде бейнелеп, «далаға тастады», «таспен ұрғандай етті» деп жатамыз. Расында, жүргізілген эксперименттер бұл сөздердің жай ғана метафора емес екенін көрсетіп отыр; біз бетіміздің қайтқанын тәнімізбен сезінеді екенбіз.

Келесі бір эксперименттердің нәтижелері әлеуметтік тұрғыда шеттетілген адамның жүрек соғысының бәсеңдейтінін көрсеткен. Психологиялық жағдайларды тәнмен сезінудің тағы бір көрінісін миды зерттеу кезінде анықтаған.

Адамның әлеуметтен алшақтағаны мен жақын байланысқа енген кездегі жағдайын зерттеу – адам мен әлеумет арасындағы байланыстың рөлі зор екенін көрсетіп отыр; біздің миымыз әлеуметтік қауіпке физикалық қауіппен бірдей деңгейде жауап қайтарады екен. Бұл ерекшелік, ең алдымен, эволюциялық даму кезеңінде топқа арқа сүйеу – біз үшін тірі қалудың басты шарты болғанына байланысты шығар. Топтан шеттетілген болсақ, тірі қалуымыз екіталай болар еді және өсіп-өнуімізге де үлкен қауіп төнер еді. Міне, осы психология ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған. Осылайша, біз шеттетудің ең елеусіз белгісін де сезе алатын деңгейге жеткенбіз.

Қадірлі болу және қадіріңді жоғалту

Егер біз өзге адамға ұнайтын болсақ, бұл – біздің сол адамды да ұнатуымызға себеп болады. Енді осы мәселеге егжей-тегжейлі тоқталып өтсек. Сауық кешінде жаңа ғана танысқан қызбен әңгімелесе кеттіңіз делік. Сәлден кейін ғафу өтініп, сусын құйып алуға кеттіңіз. Қайта оралғаныңызда оның басқа адаммен әңгімелесіп тұрғанын көрдіңіз, әңгіме сіз жайлы болып жатыр екен. Әрине, сәл кідіріп, құлақ түрдіңіз. Өзіңіз туралы айтылып жатқан сөзге бейтарап қарай алмайтыныңыз түсінікті. Ол қыздың құйтырқы ойы жоқ екені де анық; ол бұл әңгімені сіздің естіп тұрғаныңызды білмейтін еді. Егер ол сіз туралы: «Жақсы адам екен. Ұнатып қалдым. Жарқын жүзді, әзіл-қалжыңға да ұста, қайырымды, адал кісі» деген сияқты әңгіме айтып тұрса, көңіліңіздің де өсіп қалары анық. Ол қызды іштей жақсы көріп қалатын едіңіз. Ал бәрі керісінше болса ше? «Ол кісіден көңілім қалды. Іш пыстыратын адам. Ақылы да таяздау ма деп қалдым. Арамдығы да бар сияқты көрінді. Оның үстіне, сондай дөрекі» десе ше? Мұндай жағдайда сіздің де ол қызды ұнатпай қалатыныңыз анық.

«Бірнеше жыл бұрын тұлға аралық тартымдылық теориясының тағы бір түрін ойлап тауып, мұны Сенімге ие болу және сенімді жоғалту теориясы деп атадым», – дейді Аронсон.

Бұл – өте қарапайым теория. Осы теорияға сәйкес, басқа жанның іс-әрекетінің жағымды, пайдалы сипатының артуы адамға оның үнемі ықылас білдіруінен гөрі көбірек әсер етеді.

Демек, біз ұнатуды тағдыр сыйы ретінде қарастырсақ, үнемі жақсы көретін адамға қарағанда, уақыт өткен сайын ықыласы арта түскен адам бізге қаттырақ ұнайды. Тіпті, үнемі жақсы көріп



жүретін адам бізге жиі сый жасаса да, кейін ұнатқан адамға ықыласымыз азаймайды. Мінезі нашар адамға қарағанда, мінезі жайлы адамның іс-әрекетіндегі олқылық бізге қатты ықпал етеді. Уақыт өткен сайын бізге деген құрметі кеміген адам бізді үнемі ұнатпаған адамға қарағанда көбірек ұнамай қалады. Тіпті, бізді ұнатпайтын адамның іс-әрекетінде олқылық көп болса да. Сауық кешіндегі әңгімемізге қайта оралсақ, бастапқыда жағымсыз, сосын, жағымды пікір айтқан қыз сізге көбірек ұнап, бастапқыда жағымды, сосын жағымсыз пікір айтқан қыз сізге ұнамайды деген болжам жасай аламыз.

Теорияны тексеру үшін сауық кешіндегі жағдайға ұқсас тәжірибе жүргізуіміз керек болды. Мұндағы бірнеше оқиғаны бір тәжірибеге сыйғызуға тырыстық. Тәжірибе кезінде қатысушы өзі туралы пікірдің шын екеніне күмәнданбауы тиіс. Егер ондай күмән туатын болса, тәжірибе жүргізушілер қиын жағдайда қалар еді.

Тәжірибеде төрт негізгі жағдай болды: 1) жағымды жағдай. Қатысушы туралы тек өте жағымды пікірлер айтылды; 2) жағымсыз жағдай. Қатысушы туралы тек өте жағымсыз пікірлер айтылды; 3) сенімге ие болу. Бастапқы пікірлер жағымсыз болғанмен, соңы жағымды пікірлерге ұласып, ақыр соңында тек өте жағымды пікірлер айтылды; 4) сенімді жоғалту – бастапқы пікірлер жағымды болғанмен, соңы жағымсыз пікірлерге ұласып, ақыр соңында тек өте жағымсыз пікірлер айтылды.

Нәтижесі жасалған болжамымызға сай келді. Сенімге ие болу жағдайындағы сұхбатта қатысушыны ұнатқан. Тіпті, жағымды жағдайдағы сұхбат кезіндегіден де жақсы пікірлер көбірек айтылған. Сол сияқты Сенімді жоғалту жағдайындағы сұхбатта қатысушыны ұнатпаған. Жағымсыз жағдайдағы сұхбат кезіндегіден де нашар пікірлер көбірек айтылған. Естеріңізде болса, ұнатуға жауаптың жалпы теориясы мұндай жағдайды марапат пен жазаның қосындысы деп қарар еді. Қорытынды нәтижені де соған қарап шығарар еді.

Экспериментке келген қатысушымен амандасқан зерттеуші ғалым оны бақылау бөлмесіне ертіп кіреді. Бақылау бөлмесі мен эксперимент жүретін бөлменің арасы терезе арқылы бөлінген еді және бұл бөлмеде дыбыс күшейткіш құрылғылар орнатылған болатын. Зерттеуші ғалым өзі ертіп келген студентке тағы екі қыз келуі керек екенін айтты. «Олардың бірі – экспериментке қатысушы, екіншісі эксперимент жүргізушінің көмекшісі. Бірінші болып келіп қалған екенсің, сенің осы тәжірибені жүргізуге көмектескеніңді қалар едім» дейді ол студент қызға. Содан соң екінші қызды қарсы алуға барып қайтатынын айтып, бөлмеден шығып кетеді. Арада бірнеше минут өткенде студент қыз терезеден ғалымның басқа қызбен, яғни нағыз көмекші қызбен эксперимент өтетін бөлмеге кіргенін көреді. Ғалым ол қызға: «Сен осында отыра тұр. Қазір келемін. Саған эксперимент жұмысының шарттарын түсіндіремін», – дейді. Содан соң бақылау бөлмесіне қайта оралып, қатысушы өзін көмекшімін деп ойлап отырған қызға эксперимент шарттарын түсіндірді. «Сенің міндетің – қатысушыны сөзге тарту». Ол қыз белгілі бір сөздерді, яғни көптік жалғаулы зат есімдерді көбірек пайдаланса, оған сол үшін сыйақы беріледі.

Ал мына нәтиже біздің жалпы теориялық көзқарасымызға сай келіп тұр: Сенімге ие болған адам мен тұрақты түрде жағымды пікір қалыптастырған адамды салыстырсақ, біз біріншісіне көбірек мойын бұрамыз, яғни соны жақсы көреміз. Сенімді жоғалтқан адам мен тұрақты түрде жағымсыз пікір қалыптастырған адамды салыстырар болсақ, біріншісінен көбірек сырт айналамыз, яғни сол адам өте ұнамсыз болып көрінеді.